

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

Республикалық пікірсайыс
турнирінің жеңімпаздары

5

Торжественное открытие
аудитории

6

Ерлік ұмытылмайды

16

№4 (219), сәуір, 2024 ж.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді 12 сәуір – Ғылым қызметкерлерінің күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Отандық ғылым соңғы жылдары зор табыстарға қол жеткізді. Саланы дамытуды қолға алған өзгерістер мен реформалар ғалымдарға үлкен серпіліс пен үлкен нәтижелер берді. Ғылымды қаржыландыру, жас ғалымдардың жобаларына гранттар бөлу және жыл басынан бері оларға әлеуметтік қолдау көрсету бойынша табысты жұмыстар атқарылды.

Бүгінгі өркениет өлшемі ғылым мен білімнің даму көрсеткішіне байланысты. Жаңа Қазақстанды қалыптастыруда, бәсекеге қабілетті экономика құруда ғалымдарға жүктелген міндет те жоғары. Осы жолда баршаңызды интеллектуалды күш-жігерімізді жұмсап, ел игілігі жолында аянбай қызмет етуге шақырамын!

Әсіресе Оңтүстік өңіріндегі білім мен ғылымның қара шаңырағы саналған М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ғылымдағы биік белестерін бағындыруда Сіздердің еңбектеріңіз зор! Ғылымның дамуына зор үлес қосып келе жатқан ғалымдарымызды мақтан тұтамыз!

Сіздерге зор денсаулық, сарқылмас қуат, ізденіс жолында толағай табыстар тілеймін!

Құрметпен, М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма
Төрағасы – Ректоры м.у.а. Қайрат НҰРМАНБЕТОВ



ҒЫЛЫМЫ ДАМЫҒАН ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

Әуезов университетінде Ғылым қызметкерлерінің күні атап өтілді. Іс-шараға оқу ордамыздың ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлері қатысты. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма төрағасы – Ректор м.у.а Қайрат Нұрманбетов салтанатты шараны ашып, жиналған ғылыми қауымды мерекемен құттықтады.

Университетімізде 2 ғылыми-зерттеу институты 17 ғылыми-зерттеу зертхана, 6 ғылыми орталық жұмыс жасайды. Сонымен қатар оқу ордамызда 83 ғылым докторы, 480 ғылым кандидаты, 113 PhD доктор қызмет атқарады. Әуезов университеті өткен жылы 80 жылдық мерейтойын атап өтті. Мерейтой қарсаңында жоғары оқу орнымызға Зерттеу университеті мәртебесі берілді. Бұл біз үшін зор жетістік, үлкен абырой болды. Ғалымдардың зерттеулерінің тыныс ашылып, оларға тың серпін берді. Алдағы уақытта университетіміз бұдан да үлкен белестерді бағындыратынына сенімім кәміл және баршаңызды Ғылым қызметкерлері күнімен құттықтаймын, - деді Қайрат Еңбекшіұлы өз сөзінде.



Сондай-ақ техника ғылымдарының докторы, профессор Айменов Жамбыл Талхаұлы және PhD доктор Смайлов Бахыт Матқаримұлы ғылыми қауымға жүрекжарды пікірлерін арнап, айшықты мерекемен құттықтады.

Салтанатты шара барысында 5 ғалымға ҚР Ғылым және жоғары министрінің Құрмет грамотасы және 7 Алғыс хаты табыс етілді. 11 ғалымға қаржылай сыйақы берілсе, 15 ға-

лым Басқарма төрағасы – Ректордың Құрмет грамотасымен сондай-ақ 14-і Алғыс хатымен марапатталды.

Өмірі ізденіске толы, қажыр-қайратын ғылыми зерттеуге арнап, игілікті табыстарға қол жеткізген Ғылым қызметкерлерінің күні баршаңызға құтты болсын!

Отандық ғылымның мерейі үстем, бәсі биік болғай!

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ VII БАЙҚАУЫ ӨТТІ



М.Әуезов атындағы ОҚУ-да Қазақстан геологтары ғылыми мектебінің және металогения ғылымының негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 125 жылдығы мен

12 сәуір күні – «Ғылым күніне» арналған жас өспірімдердің ғылыми зерттеу мен шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында Шымкент қаласы және Түркістан

облысының жалпы орта білім беру мекемелерінің 8-11 сынып және кәсіптік білім (колледж) I-II курс білім алушылары арасында ғылыми-зерттеу және шығармашылық жобалардың VII байқауы болып өтті.

Байқауға филология ғылымдарының докторы, «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар» ғылыми-зерттеу институтының директоры Боранбаев Сандыбай Режепұлы, тарих ғылымдарының канди-

даты, М.Әуезов атындағы ОҚК, «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті Карибаев Сәрсейіт Әскенұлы сынды ғалымдар жетекшілік жасады.

Сондай-ақ байқау төмендегідей секцияларды қамтыды:

гуманитарлық ғылымдар бағытындағы секциялар: Қазақстан тарихы; жалпы тарих; саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау; археология.

гуманитарлық ғылымдар бағытындағы секциялар: өлкетану; этнология; түркітану; мұрағат ісі; музей ісі; кітапхана ісі; мәдениеттану; құқықтану; халықаралық қатынастар; әлеуметтану

гуманитарлық ғылымдар бағытындағы секциялар: география және экономика

филология ғылымдар бағытындағы секциялар: тіл білімі және әдебиет (қазақ, тілі)

филология ғылымдар бағытындағы секциялар: тіл білімі және әдебиет (орыс тілі)

филология ғылымдар бағытындағы секциялар: тіл білімі және әдебиет (ағылшын тілі)

педагогика және шығармашылық ғылымдар бағытындағы секциялар: педагогика, психология, өнер: (музыка; хореография, театр); бейнелеу өнері және дизайн, кәсіптік оқыту, дене шынықтыру және спорт (ұлттық спорт түрлері)

Байқауда 76 үміткер бақ сынады. Қатысушылар жүлделі орындармен және ынталандыру сыйлақтармен марапатталды.

Ученые Ауэзовского ВУЗа приняли участие в международной конференции



В Туркестане состоялась международная конференция «Золотая Орда и ее наследие», организованная Министерством науки и высшего образования РК и Акиматом Туркестанской области. Президент Казахстана озвучил инициативу проведения встречи в прошлом году на саммите ШОС. В конференции приняли участие известные ученые, эксперты и ведущие специалисты из Казахстана, Азербайджана, Беларуси, Китая, Турции, России, Узбекистана, Монголии, Египта, Кувейта.

Международную встречу открыл Министр науки и высшего образования РК Саясат Нурбек и подчеркнул важность мероприятия. Также министр зачитал поздравления Президента РК Касым-Жомарта Токаева.

«Золотая Орда осталась в истории как власть, которая сформировала уникальную модель государственности на просторах Центральной Евразии. Казахстан является прямым наследником этого монументального государства, оказавшего влияние на общенациональную политико-экономическую ситуацию в средние века. Сын Джюши оказал значительное влияние на интенсивное развитие великой степной цивилизации, обмен идеями и технологиями запада и востока, культурное сближение разных народов. В настоящее время проводится углубленное изучение исторических данных и научных сведений о Золотой Орде для усиления ее всестороннего изучения. Поддержите усилия квалифицированных специалистов и исследователей из каждой страны. Благодаря этой работе мы можем добиться больших результатов в этом направлении. Считаю сегодняшнее собрание важным шагом в области изучения числового наследия сына Джюши. Успехов в работе конференции!» - в поздравительном письме.

Основная цель конференции - создание открытого пространства для представителей академических и современных научных сообществ для обсуждения роли и значения Золотой Орды в мировой истории, новых концептуальных методов и тенденций исследования этой темы, а также возможности организации совместных научных исследований.



«БІЛІМНІҢ ЖҰЛДЫЗЫ» ШӘКІРТАҚЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ

«Dauletten қайырылымдық қоры» жеке қорынан қазақстандық студенттерге шәкіртақы тағайындалады. Аталған қор білімге ұмтылған жандарды қолдау мақсатында 2020 жылдан бері 200 студентке «Білімнің жұлдызы» шәкіртақысын тағайындап келеді.

Шәкіртақы білім алушылардың әлеуметтік жағдайына және жетістіктеріне байланысты оқу, қоғамдық іс-әрекеттерін, инновациялық жобаларын ынталандыруға бағытталған.

«Білімнің жұлдызы» шәкіртақысына үміткерлерге қойылатын талаптар байқау ережесімен бекітілген. Байқауына қатысуға өтінімдер www.dauletten.kz сайты арқылы қабылданады.

Қосымша сұрақтарға жауапты +7 707 858 08 96 телефоны арқылы алуға болады.



КОНКУРС «ЖАС ҒАЛЫМ» - ПУТЬ МОЛОДЁЖИ К НАУКЕ



Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил, что сегодняшнее развитие науки – залог завтрашнего успеха страны. Сейчас настало время поднять национальную науку на новый уровень. Для развития отечественного производства необходимы научные инновации и открытия. Auezov University является одним из первых высших учебных заведений, внесших свой вклад в инновационное развитие государства и становление отечественной науки. Одно из самых важных направлений развития науки – это научные проекты. Научные исследования и разработки молодых ученых университета вносят достойный вклад в развитие науки.

24 апреля в Auezov University в рамках мероприятий «Апрель - месяц науки», посвященных Дню работников науки, прошел круглый стол на тему: «Конкурс «Жас ғалым» - путь к науке для молодёжи». Круглый стол был организован Департаментом научных проектов и программ с участием молодых ученых университета и гостей. Модератором круглого стола выступил Ержан Оралбайулы, начальник отдела экономической координации проектов. Директор Департамента научных проектов и программ П.Ж. Парманкулова в своем выступлении рассказала о том, что объем финансирования проектов молодых ученых составляет 396 млн. тенге, в рамках проекта «Жас ғалым» 4 молодых учёных успешно защитили докторские диссертации, а также 8 молодых учёных стали обладателями квартир по программе льготного кредитования жилья для молодых ученых, запущенной в 2023 году Министерством науки и высшего образования при поддержке государства совместно с «Отбасы банк». Спикеры круглого стола, обладатели гранта «Жас ғалым» Смаилов Б.М., Туракулов Б.Б., Серикулы Ж., Таджиев Х.Х., Багова З.И., Асылханкызы А. поделились своим опытом и ответили на ряд вопросов. Круглый стол стал полезным мероприятием для молодых ученых, организованным в формате открытого микрофона, где были даны ответы на волнующие их вопросы.

Жаңа форматтағы мұғалім: мәртебесі мен құзыреттілігі

Мектеп адамның азамат болып қалыптасуына ықпал етсе, ұстаз-мектептің мәртебесін биікке көтеріп, мерейін тасытатын айрықша тұлға десек болады. Ұстаз - әрқашан бұлақ бастауы, мектеп тіреуі болмақ. Біз әрдайым саналы білім мен сапалы тәрбие берген ұстаздарымыздың есімін алғыспен еске алуды өзіміздің парызымыз деп санаймыз.

Мұғалім тұлғасы үлгі, өнегелік сипатқа да ие. Мұғалім өзінің тек беретін білімі мен тәжірибесі арқылы ғана тұлға қалыптасу процесіне әсер етпейді, сонымен бірге оның жеке басының өзі оқушы тұлғасына ықпал жасайды. Сондықтан мұғалім әрқашанда бала алдында адамгершілігі мол, тәрбиелі, жан-жақты, адам жанын түсінетін, терең білімді еліктеу үлгісі болуы керек. Мұғалім мектептен тыс уақыттарда өзінің сөзі мен ісі бір жерден шығып жатуына назар аударуы керек.

Мұғалім – қоғам қайраткері. Мұғалімді мемлекет оқытып, білім беріп, мемлекеттің болашағына сеніп тапсырады. Ол қоғамның мұң-мұқтажын жоқтайды, болашағын ойлайды, соған қызмет етеді. Басқа саладағы қызмет түрлері мен салыстырғанда, педагогикалық қызмет – әлеуметтенген қызметтің ерекше түрі. Ол ересек ұрпақтың адамзат, мәдениет тәжірибиесін жас ұрпаққа беруге, олардың тұлға дамуына жағдай тудыру және оларды қоғамда белгілі бір әлеуметтік рөлін орындау үшін дайындауға бағытталған. Мұғалімнің жеке басындағы үйлесімділік көбінесе талапкерлігімен, көнбістігімен, эмоциялығымен, парасаттылығымен, сенімділігімен, сақтығымен, қаталдығымен мұғалім ешбір жерден таба алмайды, оны іс үстінде мінез-құлқын тексеру арқылы ғана және үнемі өзін-өзі тәрбиелеу нәтижесінде ғана тани алады.

Мұғалімге өз ісінің маманы болумен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тыңдай білу керек. Кез келген ұстаз «Балалар құқығы туралы заңды» және Конвенцияны әрқашан басшылыққа ала отыруы шарт. Бала құқығын сыйлау баланың құқықтық санасын көтеруге, құқықтық тәрбие беруде маңызы зор. Құқықтық мемлекет құруды мақсат еткен Қазақстан жағдайында баланың құқықтық түсінігін ерте қалыптастыру қоғамның болашақ тәртіпті, тәрбиелі азаматтардан тұратындығына кепіл болады. Қазіргі және бұрыннан қалыптасып кеткен көзқарас бойынша мұғалім тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағын түріп, көзі ашық, жан-жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт.

Айгүл МУСИРОВА, Маржан ЖАҚСЫЛЫҚ,
Құралай БОСШАҒҰЛОВА, Жанар КИЗБАЕВА, М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің оқытушылары:



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРИНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Жуырда Алматы қаласында Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің «Атамекен» пікірсайыс клубы «Atameken Cup XXI» республикалық пікірсайыс турнирін ұйымдастырды.



Турнирдің негізгі мақсаты – жастардың бойында қоғамдағы мәселелерге ашық көзқарастарын айта білу дағдысын қалыптастыру, сыни ойлауға үйретіп, мәселелерді жақсарту жолдарын ұсына білуге машықтау. Пікір сайысшылардың ұранына айналған «Пікірсайыс - пікірсайыс үшін емес, пікірсайыс - қоғам үшін!» сөзінің мәнісі де осында. Пікірсайыста қаралатын тақырыптар ой түбінде жатқан асыл сөздерді шығаруға қабілетті. Аталмыш турнирлерге еліміздің әр өңірінен барлығы 64 фракция, 128 адам қатысты. Олардың ішінде бакалавр студенттерімен қатар пікірсайысшы ұстаздар да бақ сынасты. Әдеттегі дәстүрлі

сарында концерттік бағдарламамен басталған турнир екі күнге созылды.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Жастар орталығының жанынан құрылған 22 жылдық тарихы бар «Ақиқат» пікір-сайыс спикерлері де жоғарыда айтылған турнирлерге барған болатын. Турнир барысында көрсеткен қолдаулары үшін университет басшылығына алғысым шексіз. Толассыз еңбек пен талпыныстың нәтижесінде осындай ауқымды турнирде, топтан оза шауып, көптің ішінен дараланып көріну бізге бұйыртқан екен.

«Atameken Cup XXI» турнирінің «Шәкірттер» лигасында «ЭВР и Мориарти» фракция атауымен

«Механика және мұнай газ ісі» факультетінің төртінші курс студенті - Канадиллаев Азамат және «Филология» факультетінің екінші курс студенті Абдурашидова Мехринисомен жүлделі I орын иегері атандық.

Бұл жеңісіміз тек біздің емес, «Ақиқат» пікірсайыс орталығының, М.Әуезов университетінің жеңісі десем артық айтпағаным. Пікірсайысшы ретінде қоғамда маңызды мәселерді ортаға салып талқылағанда, сүбелі сөз, сапалы ойын көрсету пікірсайысқа деген құрметтен болмақ керек.

Сөз сүбелі шығу үшін, қаншама ұйқысыз түндер өткеруге тура келеді, сағаттап ізденіп, көздің майын тауысып еңбек етпек керек. Мұндай ауқымды деңгейдегі нағыз мықтылар бәсекеге түскен додада бізге бақ пен бапты қатар сынау – жауапкершілік. Оның үстіне, бұл менің республикалық деңгейде Америкалық парламенттік форматтағы алғашқы кубогім. Ойын барысында, марапаттау кезінде қобалжу сезімі бойымды билеп алғаны да хақ. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, бұл жеңіс үшін көп еңбек еттік және де, көңіл қуантарлықтай нәтижеге қол жеткіздік. Бұл жетістік пікірсайыстың қыр-сырын үйретіп келе жатқан, ізбасар жас буындар үшін де үлкен мотивация бола алды, қалдырған ізбен жол салып, оларда тағы осындай асуларды бағындыратына сенемін.

Жоғарғы оқу орнының табалдырығын жаңа аттаған бозбала шағымда менен республикалық турнирдің чемпионын, тәжірибелі

пікірсайысшы жасаған «Ақиқат» пікірсайыс орталығының өзіне тән маңызды құндылықтары бар. Олардың бірден-бірегейі - ұрпақтар арасындағы сабақтастық. Артыңнан еріп келе жатқан іні-қарындастарыңды білімді, сауатты, пікірсайыстың жәй-жапсарын жақсы меңгерген, сыни ойлауға қабілетті, ойлы, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне алатын ұрпақ етіп тәрбиелеу - «Ақиқаттың» мақсаты. Бүгінгі жеңісіміз бұл тек мақсаты емес, «Ақиқаттың» жетістігі де екенінің дәлелі. Білгенімді үйретіп, қарлығаштың қанатымен су сепкендей болсын өскелең ұрпақ бойына ізгі қасиет дарыта алсам, бұл мен үшін - жеңіс.

Пікірсайыс - саналы жастардың санын арттырудың таптырмас жолы. Еліміздегі бұл саланың дамуына барынша үлес қосуымыз керек, қазақ пікірсайысының болашағы жарқын болуы жас ұрпақтың қолында.

Ұлтқа қызмет ету қару ұстап айқасу ғана емес, қалам алып жазғаным, шаршы топта сөз бастағаным. Менің құралым - сөзім, демеушім - ақыл-ойым. Адамды адам етуші - ой мен сөз. Қолдау білдіріп, көмек көрсетіп, ат салысқан әрбір адамға алғысым шексіз! Алдағы уақытта бұдан да биік белестерді бағындыра беру бұйырсын!

Азамат Канадиллаев, М.Әуезов атындағы ОҚУ ММГ-20-10к тобының студенті, Жетекшісі: Г.А ҚАЗТУҒАНОВА, «Механика және машинажасау» кафедрасының аға оқытушысы

Торжественное открытие аудитории

9 апреля на факультете строительства и транспорта в торжественной обстановке состоялось открытие аудитории имени профессора Ахметова А.Р. Ахметов Акбулат Раимбекович в 1963 году после окончания средней школы поступил на строительный факультет Казахского химико-технологического института. После окончания института служил в танковых войсках Советской Армии. Затем учился в аспирантуре НИИЖБ (Научно-исследовательский институт бетона и железобетона). В 1974 году защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата технических наук, а в 1995 году - диссертацию на соискание ученой степени доктора технических наук. С 1975 года работал в Казахском химико-технологическом институте (ЮКТУ, ЮКГУ, ЮКУ им. М. Ауэзова). Прошел путь от простого преподавателя до профессора, академика инженерной академии Республики Казахстан. Работал заместителем декана инженерно-строительного факультета, заведующим кафедрой строительных материалов, деканом механико-строительного факультета.

В 2017 году Ахметову А.Р. было присвоено звание Почетного доктора Санкт-Петербургского архитектурно-строительного университета, а в 2018 году присуждена премия и золотая медаль И.А. Гришманова.

Ахметов А.Р. возглавлял региональный проблемный совет по строительным материалам Казахстана. В общей сложности им было написано более ста тридцати научных работ и четыре монографии. За годы работы в области образования А. Раимбеков подготовил 2х докторов и 4х кандидатов технических наук, 3х докторов PhD, а также более 15 магистров.

К сожалению, два года назад Акбулат Раимбекович ушел из жизни. Учитывая его большие заслуги, руководство университета присвоило аудитории 103 корпуса В имя Ахметова Акбулата Раимбековича. И вот, 9 апреля 2024 года состоялось торжественное открытие аудитории имени профессора Ахметова А.Р. Это мероприятие открыл проректор по связям с общественностью Бейсенбаев С.К. Право разрезать ленту было предоставлено профессору кафедры Строительные материалы и экспертиза в строительстве Бай-

булекову Алимкулу Байбулековичу и сестре Ахметова - отличнику образования КазССР, почетному гражданину г.Шымкента Раисе Раимбековне. Затем состоялось торжественное заседание, которое вел заведующий кафедрой Строительные материалы и экспертиза в строительстве Камбаров М.А. Здесь присутствующих с краткой биографией Ахметова А.Р. ознакомил его ученик - профессор Копжасаров Б.Т. Затем, выступившие профессор Сузев Н.А., корреспонденты газеты «Южный Казахстан» Шинжирбаева З. и Казорина Н., сестра Акбулата Раимбековича - Ахметова Р.Р., доцент кафедры Механика и машиностроение Серикбаев Б.Е. поделились воспоминаниями. Все они с теплотой вспоминали Акбулата Раимбековича, пожелали членам кафедры успехов в подготовке высококлассных специалистов. В завершении собрания, сын Акбулата Раимбековича - Данияр от имени семьи выразил благодарность руководству университета и коллективу кафедры за помощь в увековечивании памяти отца.

Б.Е. СЕРИКБАЕВ,
доцент кафедры «Механика и машиностроение».



Мои воспоминания об Акбулате Раимбековиче

Мое первое знакомство с Акбулатом Раимбековичем состоялось в мае 1975 года. Я – студент 1-го курса КазХТИ, приходил на стадион «Спартак» поиграть в футбол. А футбол такая игра, которая требует партнеров; а так как у меня их не было, мне приходилось искать команду, где нужны были игроки. И в один из дней стройный человек спортивного телосложения предложил поиграть с вместе с группой спортсменов, которые оказались студентами КазХТИ. Этим человеком оказался преподаватель института Ахметов Акбулат Раимбекович. Он, узнав, что я студент КазХТИ, спросил про учебу и похвалил за любовь к футболу.



Затем у меня началась сессия, и связь наша прервалась. Осенью 1979 года, после окончания института и прохождения воинских сборов, в сентябре меня избрали секретарем комитета комсомола инженерно-строительного факультета КазХТИ. После этого меня отправили на хлопок. Я приехал в Мактааральский район (отделение «Красный Октябрь» совхоза «Коммунизм») дней через десять после приезда студентов. И первое, что бросилось мне в глаза – это транспарант на полевом стане: «Друзья, Отчизне посвятим души прекрасные порывы». И это оказалось детищем руководителя стана – заместителя декана инженерно-строительного факультета Ахметова Акбулата Раимбековича. Так состоялось мое второе и более близкое знакомство с Акбулатом Раимбековичем. Для меня, только что окончившего вуз и делающего первые самостоятельные шаги в жизни, несколько дней проведенных с Акбулат ага, стали хорошей школой жизни. Акбулат Раимбекович разговаривал со студентами так, что после разговора выполняли его требования, и при этом не возникало никакого недовольства.

Некоторое время спустя, после возвращения с хлопка, Акбулат Раимбекович со своими друзьями – преподавателями инженерно-строительного факультета Мураталиным Нурболотом Калиековичем и Махмудовым Ергешем Раззаковичем при поддержке заведующего кафедрой физвоспитания Испандиярова Мадияра Испандияровича создали клуб любителей футбола, который назвали «Академик». Клуб собрал под своим крылом преподавателей и сотрудников КазХТИ. Организаторы выбрали время для тренировок в спорткомплексе (спортзал «Буревестник») три раза в неделю.

Клуб получил известность в городе; его стали приглашать на соревнования, проводимые как в городе, так и в области. Наиболее близким партнером «Академика» стала команда областного комитета комсомола во главе с первым секретарем Нурдаулетом Сарсеновым. Благодаря Сарсенову в 1985 году в Алма-Ате состоялся товарищеский матч с ветеранами «Кайрата», в составе которого играли легенды казахстанского футбола: Тимур Сегизбаев, Сеильда Байшаков, Курбан Бердыев и другие.

Успехи клуба «Академик» в пропаганде здорового образа жизни и развитии массового футбола были отмечены грамотой Центрального комитета профсоюзов СССР. О нашем клубе писал еженедельник «Футбол-Хоккей», издаваемый в Москве. Во всем этом большая заслуга Акбулата Раимбековича.

Сейчас в первенстве города Шымкента по мини-футболу среди ветеранов «Академик» выставил команды в трех возрастных категориях: свыше 40 лет, свыше 50 лет и свыше 60 лет.

К сожалению, время неумолимо... К этому времени мы потеряли всех наших организаторов нашего клуба – доктора технических наук, профессора Ахметова Акбулата Раимбековича, кандидата технических наук, доцента Мураталина Нурболота Калиековича, старшего преподавателя Махмудова Ергеша Раззаковича, кандидата педагогических наук, доцента Испандиярова Мадияра Испандияровича. Мы, члены клуба, не забываем своих учителей, поэтому в дни, когда наш университет отмечал свое 80-летие, мы провели турнир по мини-футболу, посвященный памяти ветеранов «Академика».



Б.Е. СЕРИКБАЕВ, доцент кафедры «Механика и машиностроение», руководитель клуба «Академик».

Дене шынықтыру сабағында жаңа инновациялық технологияларды қолданудың тиімді жолдары

Қазіргі кезде «Дене шынықтыру» ұғымы жиі және ретсіз қолданысқа ие болды. Мәселен, жоғары оқу орындарында «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бар. Жалпы білім беретін мектептерде «Дене шынықтыру» сабағы өтеді. Мәдениет және спорт министрлігіндегі комитетіміз «Республикалық спорт және дене шынықтыру істері комитеті» деп аталса, облыстарда «Спорт және дене шынықтыру басқармалары» тағы бар.



Негізінде, барлығы әу баста дұрыс қалыптаспаған ұғымдар. Сөзді төтесінен қойып айтсақ, «Дене шынықтыру» ұғымын қолдану дұрыс емес. «Физическая культура» термині, ұғымы қазақ тіліне «Дене мәдениеті» деп аударылуы керек еді. «Мәдениет» деген сөзді «Шынықтыру» деген сөзбен ауыстыру арқылы ғана біз бүкіл «Дене мәдениеті» термині көрсете алатын кең, мән-мағыналы ұғымнан айырылып отырмыз. Өйткені «Дене шынықтыру» деген сөз орыс тілінде «закаливания тела» деген мағынаны ғана береді.

Бұл қателік о баста қалай жіберілген?

Менің ойымша, «дене шынықтыру» деген ұғымды дене тәрбиесі және спорт мамандары емес, тіл мамандары дене мәдениеті саласының терең философиясын түсінбей енгізген болуы керек. Спорт бапкерлерінің, дене тәрбиесі мұғалімдерінің беретін негізгі білімі – қозғалысқа үйрету. Спорт бапкерлері жарыс жаттығуларының техникасын үйретіп, жетілдірсе, дене тәрбиесі мұғалімі оқушы-

ларға өмірге қажет қозғалыс шеберлігі мен дағдысын үйретеді. Теориялық мағлұматтар береді, спортшылардың, оқушылардың дене қуаты қасиеттерін: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділігін дамытады.

«Физическая культура» деген термин орыс тілінің сөздік қорында XIX ғасырдың аяғында пайда болды. Оны кіргізген, 1827-1909 жылдары өмір сүрген орыс дәрігері, анатомы және педагогы П.Ф.Лесгафт тарихта Ресей мемлекетінің дене мәдениеті жүйесінің негізін қалаушы ретінде танылды. Ол 1874-1876 жылдары әскери министрліктің тапсырмасымен Батыс Еуропаның 13 елінің 26 қаласында болып, дене мәдениеті мен спортты, дене тәрбиесі мамандарын даярлауды зерттеді. Соның нәтижесінде 1888 жылы «Мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесі білімін басқару» атты бірінші кітабы жарық көрді.

«Культура» деген термин латынның «Cultura» деген сөзінен шыққан. «Тәрбиелеу», «білім беру», «дамыту», «сыйластық» де-

ген мағыналарды береді. Қазіргі кездегі арнайы әдебиеттерде «мәдениет» деген сөздің анықтамасы – «қоғамға және жеке басқа құндылық әкелетін өзінің амалдары мен әдістері, әдістемелері бар адамның немесе қоғамның белгілі бір әрекет түрі» болып табылады. «Мәдениет» деген сөзді түсіну үшін оны «табиғат» деген сөзбен салыстырады. Табиғатқа, адамның араласуынсыз табиғи түрде пайда болған жанды, жансыз заттар жатады. Ал мәдениетке жататындар, адамзаттың пайдалануы үшін адамдардың күшімен жасалған нәрселер.

Дене мәдениеті – жалпы мәдениеттің бір саласы. Адам мәдениеттің барлық саласын қолдан жасаса, оның денесіне, ағзасына әсер етіп, оны осы салаларды өркендетуге мүмкіншілік беріп отырған дене мәдениеті саналады. Біз ЖОО-дағы магистрант, студенттерге «Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі» пәнінен сабақ беретін теоретик ғалымдар «Дене шынықтыру» деген ұғымды қолданбаймыз. Өйткені «шынықтыру» деген сөздің

мағынасында қозғалысқа үйрету деген сөз, ой жоқ (Менің баспадан басылып шыққан 15-тен астам оқу құралдарым, оқулық, монографиям бар). Бұл тек қана денені шынықтыруды білдіреді. Ал денені жаттығу орындап қана емес, суық суға түсіп, күнге күйіп те шынықтыруға болады.

Дене мәдениеті ұғымына анықтама берейік. Дене мәдениеті – адамдарды жоғары жетістіктерге, келешек мамандыққа дайындайтын, денсаулығын нығайтатын, дене, мүсін сұлулығын, қимыл-қозғалыс әдемілігін, үйлесімділігін, дене қуатын, жан дүниесін жетілдіруге қолданылатын мемлекеттің, қоғамның материалдық және рухани байлығын құрайтын, халықтың жалпы мәдениетінің бір саласы. Оның материалдық байлықтары – спорт сарайлары, стадиондар, бассейндер, спорт залдары, түрлі спорттық ғимараттар, құрал жабдықтар. Ал рухани байлықтары – дене тәрбиесі мен спорт саласындағы арнаулы білім, ғылыми зерттеулер, әдістемелер, тәжірибелер, идеялар.

Дене мәдениеті негізінен 5 үлкен бөлімдерге бөлінеді: Олар – базалық, спорт, қолданбалы, сауықтыру және жеке бас дене мәдениеті. Негізгі дене мәдениетіне балабақша, мектеп, колледж, ЖОО-дағы дене тәрбиесі сабағы жатады.

Мектептердегі «Физическая культура» сабағын да тек қана «Дене тәрбиесі» деп атау керек. Орыс тілінде де мектептің дене тәрбиесі сабағы «Физическая культура» деп дұрыс аталмаған. Л.П.Матвеевтің «Теория и методика физического воспитания» атты 1976 жылы Мәскеудегі «Физкультура и спорт» баспасынан шыққан кітабының 12-бетінде «термин «физическая культура» имеет и другие, более узкие значения. Во избежание путаницы понятий есть смысл, пользуясь термином «физическая культура» в частных значениях, добавлять соответствующее прилагательное: «личная физическая культура», «школьная физическая культура» и.т.д.» деп жазылған. Сондықтан біз мемлекеттік тіліміздегі терминдерді шатастырмай дұрыс қолдану үшін, Ресей ғалымдары секілді дене мәдениетінің кең мағынасы, дене мәдениетінің тар мағынасы демей, мектептің дене тәрбиесі сабағын тек қана «дене тәрбиесі» деп атауымыз керек. Анықтама бойынша: «дене тәрбиесі дегеніміз – тәрбиенің бір түрі, міндеттері қозғалысқа үйрету, дене қуаты қасиеттерін дамыту және дене тәрбиесі мен спорт саласында теориялық білім беру». Қазақ мақалдарында «Бірінші байлық – денсаулық», «Дені саудың жаны сау» делінген. Халық даналығын білдіретін, өте орынды айтылған сөздер. Демек «Дене тәрбиесі» сабағы дегеніміз – тек жаттығуларды орындау ғана емес, оқушыларды еңбексүйгіштікке, қажырлылыққа, төзімділікке, батылдыққа, батырлыққа, жігерлілікке, патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін пән. Ол адамның тәнін ғана емес, жан дүниесін, рухын тәрбиелейді. Демек, «Дене тәрбиесі» термині, ұғымы мектеп сабағының мәні мен мағынасын ашып, анықтап, көрсетіп тұр.

Міне, дене тәрбиесі, жастарды, балаларды спортқа баулу саласында, оның білім беру жүйесінде дұрыс қалыптаспай отырған атаулар мен термин сөздерге қатысты ескертін мәселелер көп. Бізге негізі көп кешікпей осындай кемшіліктерден арылу керек.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол мұғалімдер мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны пе-

дагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып, оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі. Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларын сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Қоғамдағы сауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін сауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отансүйгіштікке дайындауға қызмет етеді. Білім алушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан-жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, көрнекілік және даралық.

Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

- Оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;
- Сабақ барысында әрбір келесі сабақтың ізінше қатпарлы әдіс қалдыруы тиіс, себебі жас

оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі тиіс;

- Демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.
- Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретудің толық қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда:
 - дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру;
 - қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру;
 - әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру;
 - үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру;
 - Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз – бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.
- Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барысында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге;
- Дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психологиясы өзгеруге;
- Өзін-өзі реттеуін қалыптастыру;

- Дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру;
- Дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту;
- Психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға тағы басқалары арқылы қол жеткізуге болады.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен білім алушының қабілеті, бейімділігі басты назарда болуы керек. Дегенменде, білім алушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру, жақсы ұйымдастырған сабаққа байланысты. Сондықтан білім алушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихы, спорт түрлері дамыған елдерде, спортың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сондықтан да оқытушы сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі басты назарда болуы қажет.

Қазіргі таңда дене мәдениеті мен спорт денсаулықты нығайтудың өміршеңдік пен еңбекке қабілеттілікті арттырудың шығармашылық жолды ұзартудың және жеке тұлғаның үйлесімді дамып қалыптасуы мен басқа да әлеуметтік мәселелерді шешудің тиімді құралы болып табылады. Осыған байланысты дене тәрбиесі мен спорт проблемаларына жарық түсіретін ғылыми білімдерге көп назар аударылып отыр.

**Нурсултан БЕКБАЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
колледжінің дене тәрбиесі
пәнінің оқытушысы**



День спорта и мастерства

При праздновании праздника Наурыз 19 марта был День спорта и мастерства. И этот день факультет механики и нефтегазового дела отметил по-своему. В спорт-комплексе ЮКУ им. М.Ауэзова (спортзал «Буревестник») в матче по мини-футболу встретились команда преподавателей и сотрудников и команда студентов факультета. И здесь необходимо отметить, что в этом году обе команды стали чемпионами ЮКУ им. М.Ауэзова, соответственно среди преподавателей и студентов. Перед началом встречи участников приветствовали и поздравили: замдекана факультета Омирбек Байысбай и доцент кафедры механики и машиностроения, руководитель футбольного клуба ветеранов ЮКУ им. М.Ауэзова «Академик» Болатжан Серикбаев.



Сама игра прошла в бескомпромиссной борьбе, и в конце молодость одержала верх. Студенты победили со счетом 9 : 6. У победителей отличились: капитан команды, нападающий Егемкул Елжан (гр.ММГ-23-6к1), защитник Мейрамбек Даниял (гр.ММГ-21-8к) и вратарь Махан Ернур (гр.ММГ-23-4к), у побежденных – нападающие, ди-

ректор департамента научных исследований Абшенов Хасен и заведующий лабораторией ИРЛИПТ Хусанов Жахангир, а также защитник, докторант кафедры Технологические машины и оборудование Муталов Нуржигит. Отличившиеся игроки были награждены дипломами. Также хотелось бы отметить помощь в организации и проведении дан-

ного мероприятия зав. спортклубом ЮКУ им. М.Ауэзова Таирова Юнуса Алаевича и зав. кафедрой физвоспитание для технических специальностей Мажитбекова Арыстанбека.

Считаем, что данное мероприятие и личный пример преподавателей и сотрудников факультета механики и нефтегазового дела послужи-


ли пропагандой здорового образа жизни для коллектива ЮКУ им. М.Ауэзова.

СЕРИКБАЕВ Болатжан Ермаханович, доцент кафедры «Механика и машиностроение», руководитель футбольного клуба ветеранов ЮКУ им. М.Ауэзова «Академик».



МАШИНА ЖАСАДА 3D МОДЕЛЬДЕРІН ҚҰРУ: ӘДІСТЕР МЕН ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

Машина жасау әлемінде 3D модельдеу күрделі компоненттер мен жүйелерді жобалау, талдау және визуализациялау үшін маңызды құралға айналды. Автоматтандырылған бағдарламалық жасақтамасының жетістіктері және қуатты есептеу ресурстарының қолжетімділігі арқасында инженерлер енді өнімділікті арттыратын, қателерді азайтатын және ынтымақтастықты жақсартатын жоғары егжей-тегжейлі және дәл 3D модельдерін жасай алады. Бұл мақаланың мақсаты - машина жасауда 3D модельдерін құрудың әртүрлі әдістері мен озық тәжірибелерін зерттеу, инженерлерге өнімді алу процестерін оңтайландыруға және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беру.




3D модельдеу процесін бастамас бұрын, бөлшек талаптары туралы толық түсінік алу өте маңызды. Бұған жоба сипаттамаларын, функционалдық талаптарды, шектеулерді және кез келген тиісті салалық стандарттарды талдау кіреді. Нақты мақсаттар мен талаптар модельдеу процесін басқарады және түпкілікті өнімнің қажетті критерийлерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Дұрыс Автоматтандырылған жобалау жүйесі (АЖЖ) бағдарламалық жасақтамасын таңдау - 3D модельдеу жобасының сәттілігінде маңызды рөл атқарады. Нарықта көптеген нұсқалар шыққан, олардың әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен ерекшеліктері бар. Кейбір танымал АЖЖ инженерлік бағдарламаларына SolidWorks, Autodesk Inventor, CATIA және PTC Creo кіреді. Жо-

баңыздың қажеттіліктеріне сәйкес келетін бағдарламалық құралды таңдағанда, пайдаланудың қарапайымдылығы, басқа құралдармен үйлесімділігі, арнайы мүмкіндіктердің қолжетімділігі және құны сияқты факторлар қарастырылады.

Жобаны кішігірім тапсырмаларға бөліп, логикалық дәйектілікті орнатқан жөн. Бұған эскиздер жасау, негізгі геометрияны анықтау, бөлшектерді қосу, материалдарды қолдану және модельдеу немесе талдау жүргізу кіруі мүмкін. Жұмыс процесін ұйымдастыру арқылы инженерлер прогресті оңай бақылайды, ықтимал кедергілерді анықтайды және қажетті түзетулер енгізе алады.

